




Швейцария



▶ **Швейцария**— Еуропаның орталық бөлігінде орналасқан, Альпі тауларының нақ жүрегіндегі кішігірім мемлекет. Швейцария сөзін естігенде, әлемдегі ең дәлме-дәл сағаттар, дәмі тіл үйіретін тағамдар толы асханалардың еске түсетіні рас. Бірақ, бұл дегеніңіз

Швейцарияның бар байлығы емес. Және бұл мемлекеттің қазынасы атақты банктер мен темір сейфтерде жасырулы жатқан да жоқ. Сізге мұны түсіну үшін көп нәрсенің керегі де шамалы. Бар болғаны өміріңізде бір рет қана Швейцарияның көз тартар әдемілігіне куә болып, шегі жоқ өзендерін тамшалап, Альпі тауларының мақпалдай самалын сезініп, сарқырамаларды, адам жанын тыныштандырар көк шалғындар мен жүзімдер алқабын көрсеңіз болғаны.

Халқы 7,3 млн. (2001), оның 65,6%-ы — неміс тілді швейцарлар, 22,8%-ы — француз тілді швейцарлар, 8,4%-ы — италиян тілді швейцарлар, 0,6%-ы — реторомандықтар . Дінге сенушілердің 50%-ы католиктер, 48%-ы протестанттар.

▶ **Астанасы** —Берн қаласы. **Негізгі қалалары:** Цюрих, Женева, Лозанна, Санкт-Галлен, Базель

Карта



Елтаңбасы мен тууы



Табиғаты

► *Швейцария* — таулы ел, көпшілік бөлігі Альпі таулары аумағында орналасқан (ел аум-ның 60%-ын құрайды). Таулардың басында көптеген фирндік алаңдар мен мұздықтар бар. Солтүстік пен солтүстік-батысқа қарай Альпі аласара түсіп, мұздықтар сирей бастайды. Альпіден солтүстік-батысқа қарай ел аум-ның 1/3-іне жуығын алып жатқан Швейцария қыраты орналасқан. Ол 1000 — 1200 м-ден 400 м-ге дейін аласарады (Рейн мен Ааре өзендерінің аңғарлары). Мұнда ел халқының басым бөлігі шоғырланған, ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтары орналасқан. Сондай-ақ мұнда ең құнарлы а. ш. жерлер мен жайылымдар бар. Елдің солт.-батысында қатпарлы Юра таулары (Швейцария шегіндегі ең биік жері — Мон Тендр тауы — 1679 м) жатыр.

Швейцарияның жануарлар мен өсімдіктер әлемі

Жануарлар дүниесі адамның шаруашылық қызметінің ықпалын күшті сезініп отыр. Қар құры мен ақ қояндар кең тарағанымен, таулардың жоғ. бөлігіне тән елік, бұғылар мен альпі суырлары сирек кездеседі. Жабайы жануарлар дүниесін қорғау жөнінде көп жұмыстар атқарылуда. Австриямен шекарада орналасқан Швейцария Ұлттық саябағын еліктер мен бұғылар, тауешкі мен түлкі мекендейді, сондай-ақ ақ құр мен жыртқыш құстардың бірнеше түрі кездеседі.



Тарихы

Швейцарияны ежелгі заманда мекендеген адамдардың көптеген қоныстары сақталған (Драхенлох, Бирзек, т.б. палеолиттік үңгірлер, мезолиттік қоныстар, сырғауылды құрылыстар, т.б.). Швейцария тұрғындары жөніндегі алғашқы жазбаша деректер б.з.б. 2 ғ-ға жатады.

10 — 11 ғасырларда Швейцария “Қасиетті Рим Империясының” құрамында болды. 13 ғасырда Габсбургтер Орталығы Еуропаны Италиямен байланыстыратын тау асуларын бақылап отырған “тау кантондарын” (Швиц, Ури, Төм. Унтервальден) өздеріне толық бағындырмақ болды. Габсбургтермен күрес қызған кезде 1291 жылы тамызда бұл кантондар Швейцария одағының (конфедерациясының) негізін қалаған “мәңгілік одақ” құрды. 1315 жылы Моргартен түбіндегі шайқаста австриялықтарды жеңу нәтижесінде Швейцария конфедерациясы өз тәуелсіздігін сақтап қалды. 1499 жылы Ш. “Қасиетті Рим Империясынан” толық тәуелсіздік алды, бұл 1648 жылы Вестфаль бейбіт келісінде ресми түрде бекітілді.

Экономикасы

Швейцария — жоғары дамыған өнеркәсібі мен өнімді ауыл шаруашылығы бар мемлекет. Швейцария дүние жүзінде капиталды шеттен тартудан алғашқы орындардың бірін иемденеді, дүние жүзіндегі ең ірі қаржы орталықтарының бірі саналады. Швейцария банкілерінің сейфтерінде дүние жүзіндегі ең дамыған елдердің, барлық құнды қағаздарының жартысы жатыр, өнеркәсібі жоғары сапалы, қымбат және ғылым жетістіктерін қажет ететін өнімдер шығаруға маманданған. Ел экономикасында ірі транзиттік монополиялар үстемдік жағдайға ие.

Швейцария туризм мен өз аумағы арқылы өткізілетін транзиттік жүктерден көп пайда табады. Өнеркәсібі сырттан әкелінетін шикізаттарға тәуелді және дайын өнімдерді экспорттауға бейімденген. Жетекші салалары — машина жасау мен металл өңдеу, химия, тамақ өнеркәсіптері. Машина жасауда ұсталық-престеу жабдықтарын, дәлдігі жоғары металл өңдеу станоктарын (оларды шығару мен экспорттау бойынша Швейцария дүние жүзіндегі жетекші орындардың бірін иемденеді, өнімнің 80%-ына жуығы сыртқа шығарылады), дәл өлшеу аспаптарын (күрделі медициналық аспаптар, дәл таразылар, оптик. аспаптар, т.б.), сағаттар (дүниежүз. өндірістің жартысынан көбі, өнімнің 95%-ы экспортталады) шығару неғұрлым жоғары дамыған. Швейцария тоқыма (тоқу, иіру, тігін машиналары, дүниежүз. экспорттың 1/5-і), полиграф. (баспахана машиналары, түптеу станоктары, т.б.) өнімнің 90%-ы экспортталады), тамақ, сағат өнеркәсібі үшін құрал-жабдықтар өндіру мен экспорттау жөнінде дүние жүзіндегі ең алдыңғы орындардың бірін иеленеді.



► *Швейцарияның
танымал жерлері*



Швейцарияның символы – **Маттерхорн** тауы



Беллинсон қамалы



Ескі қала - **Берна**



Капельбрюкке аспалы көпірі



Шильон бекінісі



Пилатус тауы



Ворота Шпалентор



Гроссмюнстер



Башня **Цитглогге**



Женевадағы **Ұлттар Сарайы**



Леман өзені



Ла Суайсс



Тау ішіндегі **Аспалы темір жол**



НА ЗАРЛАДЫҢЫЗГА
РАХМЕТ